

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

📷 saran_today, saran_gazeti

📘 sarangazeti

🌐 sarangazeti.kz



ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЖӘНЕ АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз!

16 желтоқсан – халқымыздың бірлігінің, Отанымыздың бүгін мен болашағына деген ортақ азаматтық жауапкершіліктің символына айналған айрықша күн.

Ширек ғасырдан астам уақыт бойы Қазақстанның көк Туы әлемдік қауымдастық мемлекеттерінің арасында асқақ рухпен желбіреуде.

Жыл сайын тәуелсіздік жылнамасы туған өлкеміздің және еліміздің толайым табыстарымен толығып келеді. Бұл жетістіктердің ішінде Саран қаласы тұрғындарының да лайықты үлесі бар.

Құрметті жерлестер! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға береке-бірлік, амандық, еңбектеріңізге табыс және Тәуелсіз Қазақстанның игілігі мен жарқын болашағы жолында жаңа табыстар тілейміз!

Д. БҰЛҚАЙЫР,
Саран қаласының
әкімі

О. БАЙМАГАНБЕТОВ,
Саран қалалық
мәслихатының төрағасы

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АҚТАС!

Поздравляем вас с Днём Независимости Республики Казахстан!

16 декабря – это знаменательная дата, олицетворяющая символ национального единения и общей гражданской ответственности за настоящее и будущее нашего Казахстана.

Более четверти века Флаг нашей Родины гордо реет среди государств мирового сообщества.

Год за годом независимости пополняется славная летопись родного края и страны успешными достижениями. В этом есть и достойный вклад жителей нашего города Сарани.

Уважаемые земляки! Примите искренние пожелания мира, добра, счастья, крепкого здоровья и благополучия вам и вашим близким, успехов в труде и новых свершений на благо независимого Казахстана!

Д. БҰЛҚАЙЫР,
аким
города Сарани

О. БАЙМАГАНБЕТОВ,
председатель Саранского
городского маслихата

» НОВОСТИ РЕГИОНА

В Карагандинской области в этом году для очередников выкупают 1231 квартиру



В Казахстане начиная с 2023 года жильё для социально уязвимых категорий населения выкупают напрямую у частных застройщиков. Средства на эти цели выделяются из местных бюджетов. В городах и районах Карагандинской области в этом году запланировали приобретение 1231 квартиры для очередников.

В Караганде в прошлом году выкупили 381 квартиру, а в этом количество увеличат почти в полтора раза – до 567.

«Все квартиры выкупаются исключительно для граждан, состоящих в очереди на получение жилья. В соответствии со ст. 68 Закона РК «О жилищных отношениях» первоочередное право имеют социально уязвимые слои населения. Процедура покупки и распределения жилья осуществляется строго в рамках законодательства. Согласно приказу министра промышленности и строительства РК от 22 декабря 2023 года № 151 «Об утверждении Правил финансирования строительства и (или) приобретения жилья

за счёт республиканского бюджета и (или) выпуска государственных ценных бумаг, мониторинга и реализации жилья гражданам Республики Казахстан, нуждающихся в жилище» и действующего законодательства начат выкуп жилья для очередников. Площади квартир различаются, поскольку распределяются с учётом состава семьи», – пояснили в акимате Караганды.

В Балхаше выкупают 94 квартиры, в Сарани – 90, Приозёрске – 24, в Темиртау – 25. Приобретают жильё и для очередников в сельской местности. К примеру, в Шетском районе уже выкупили 92 квартиры, до конца года добавится ещё 32. В Абайском районе за счёт выкупа жилищный вопрос решат 129 семей.

При этом приобретаемое жильё должно быть III–IV классов комфортности, с чистовой отделкой, согласно требованиям госнормативов в области архитектуры, градостроительства и строительства.

gov.kz

Саран қалалық мәслихаты депутаттарының және қала тұрғындарының назарына

2025 жылғы 9 желтоқсан

Саран қалалық мәслихаты төрағасының өкімі

Саран қ.

№ 44-н

2025 жылғы 9 желтоқсан

Қалалық мәслихаттың кезекті XXX сессиясын шақыру туралы

Саран қалалық мәслихатының кезекті XXX сессиясы 2025 жылғы 18 желтоқсан күні, сағат 10.00-де шақырылсын.

ХАБАРЛАМА

Қалалық мәслихаттың 2025 жылғы 18 желтоқсанда кезекті XXX сессиясының қарауына келесі мәселелер шығарылады:

1. 2026-2028 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы.
2. 2026-2028 жылдарға арналған Ақтас кентінің бюджеті туралы.
3. Саран қалалық мәслихаты төрағасының 2025 жылғы атқарылған жұмыс туралы есебі.
4. Басқа да мәселелер.

Сессияны дайындауға жауапты: Заря Блялевна Малшибекова, жұмыс тел.: 8(72137) 73908, электрондық пошта мекенжайы: saranmaslihat@mail.ru.

О. Баймаганбетов,
Саран қалалық мәслихатының төрағасы

К сведению депутатов Саранского городского маслихата и населения города

9 декабря 2025 года

Распоряжение Председателя Саранского городского маслихата

г. Сарань

№ 44-0

9 декабря 2025 года

О созыве XXX очередной сессии городского маслихата

Созвать очередную XXX сессию Саранского городского маслихата 18 декабря 2025 года в 10.00 часов.

СООБЩЕНИЕ

На рассмотрение очередной XXX сессии городского маслихата 18 декабря 2025 года вносятся следующие вопросы:

1. О городском бюджете на 2026 – 2028 годы.
2. О бюджете поселка Актас 2026-2028 годы.
3. Отчет председателя Саранского городского маслихата о проделанной работе за 2025 год.
4. Разное.

Ответственный за подготовку сессии: Малшибекова Заря Блялевна, раб. тел. 8(72137) 73908, адрес электронной почты saranmaslihat@mail.ru.

О. Баймаганбетов,
Председатель Саранского городского маслихата

» ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕЛ ТІРЕГІ!

Қазақстанның тәуелсіздік күні — жыл сайын 16 желтоқсанда аталып өтетін Қазақстан Республикасының ресми мерекесі. «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңның 1-бабына сәйкес: Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері, кәсіби және өзге де мерекелері атап өтіледі. Мемлекеттік мерекелер мемлекеттік-қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары дәстүрлерін дәріптейтін мерекелер.

Тәуелсіздіктің тарихи-құқықтық алғышарттары

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңның қабылдануы КСРО ыдырау кезеңінде басталған саяси трансформация процесін аяқтады. Бұл акт мемлекеттіліктің негізгі элементтерін: егемендігін, аумақтық тұтастығын, билік органдарының дербестігін және Қазақстанның халықаралық-құқықтық субъектілігін бекітті.

Тәуелсіздікті конституциялық заң нысанында бекіту одан әрі реформалар үшін заңды негіз болды, өйткені бұл халықаралық нормалар мен қағидаттарда көзделген халықтың өзін-өзі анықтау құқығын іске асыруға мүмкіндік берді.

16 ЖЕЛТОҚСАН – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Конституциялық эволюция және оның тәуелсіздікпен байланысы

1993 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының, содан кейін 1995 жылғы Конституцияның қабылдануы алынған егемендіктің қисынды жалғасы болды. 1995 жылғы Конституция Мемлекеттік басқарудың тұрақты моделін құрды, мемлекеттік биліктің құрылымын, аумақтық құрылымның принциптерін және жоғары мемлекеттік институттар жүйесін анықтады.

ҚР Конституциясының кіріспесі ерекше рөлге ие болады, онда Қазақстан халқы «өзін-өзі анықтау құқығына сүйене отырып» Негізгі Заңды қабылдайтындығы баса айтылады. Осылайша, Конституциялық процесс тәуелсіздіктің тарихи актісімен тікелей байланысты.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңның 1-бабында: «Қазақстан Республикасы — тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Ол өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес анықтай-

ды және жүргізеді» деп жазылған.

Егемендік және оның конституциялық бекітілуі

ҚР Конституциясының 1-3-баптарында мемлекеттің егемендік сипатын айқындайтын түйінді ережелер бар:

1-бап Қазақстанды егеменді, демократиялық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітеді.

2-бап республиканың бүкіл аумағында мемлекеттік егемендікті жариялайды.

3-бап халықты мемлекеттік биліктің жалғыз көзі ретінде анықтайды.

Бұл нормалар Конституцияның үстемдігі, биліктің бөлінуі және халықтық егемендік принциптерін анықтай отырып, тәуелсіздіктің идеологиялық және құқықтық негізін құрайды.

Тәуелсіздік күнінің саяси-құқықтық маңызы

• Тәуелсіздік күні мемлекеттік мереке ғана емес, Қазақстан Республикасының

конституциялық қалыптасуының символы болып табылады. Оның мағынасы келесідей:

• Тәуелсіз Тарихи жол идеясына негізделген ұлттық бірегейлікті бекіту.

• Тәуелсіздік өз Конституциясын қабылдаудың және ұлттық заңнаманы қалыптастырудың алғышарты болғандықтан, құқықтық мемлекеттілікті нығайту.

• Конституция мен саяси тәжірибеде көрініс тапқан ортақ құндылықтарға негізделген қоғамды шоғырландыру.

• Мемлекеттің ұзақ мерзімді тұрақтылығының негізі болып табылатын демократиялық институттардың дамуы.

Осылайша, 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының тарихында ерекше орын алады, өйткені Тәуелсіздік қазіргі конституциялық құрылысты қалыптастырудың бастапқы нүктесі болды. Тәуелсіздік күнін мерекелеу егемендіктің, конституциялық құндылықтардың және Қазақстан халқының тарихи таңдауының маңыздылығын көрсетеді. Ғылыми талдау аясында бұл күн тек саяси ғана емес, сонымен бірге елдің мемлекеттік және конституциялық жүйесінің эволюциясын көрсететін маңызды құқықтық символ болып табылады.

К. ТРОФИМЧУК,
Саран қалалық сотының бас маманы

» ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ: БІРЛІК ТЕТІГІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?



Елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының алар орны орасан, өйткені ол бірлікті бекемдеп, түрлі мәдениеттерді тоғыстырған бейбітшілік алаңына айналды.

Этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік беретін әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болды. Отыз жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Оның даму барысында этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Ассамблея қызметінің арқасында этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың құқықтары мен еркіндігі айрықша белгіленді. Сөйтіп өзара түсіністік үлгісі орнады. Этномәдени бірлестіктердің саны өсті. Олар әр ұлттың салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін дамыту саласында азаматтардың құқықтары мен бостандығы ең маңызды екенін көрсетіп отыр. Қазіргі кезде елімізде 15 тілде газет-журналдар, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар жүргізілуде. Өзбек, тәжік, ұйғыр, украин тілдерінде мектептер жұмыс істейді. Қазақстан халқы

Ассамблеясы қызметі күннен күнге халықтар арасындағы татулық пен келісімді нығайтуға елеулі рөл атқарып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жұмысына ерекше баға беріп оның болашақта да миссиясын жүзеге асыруға алға жылжуына мүмкіндік ашып берді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жастар тәрбиесіне аса жіті көңіл бөлуде. Осы тұрғыда әр облыста, әр қалада, әр ауданда Ассамблея жанынан Ақсақалдар кеңесі, Аналар кеңесі, жастар ұйымы құрылды.

Ассамблея ұрпақтың жарқын болашағы үшін балалар мен жастарды барынша қорғап дұрыс тәрбиелеуге шақырады. Бүгінде Ассамблеяның белсенді мүшелері саяси аренада, экономикада, әлеуметтік қатынастарда, жастар саясатында белсенді жұмыс істеп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы бірлік пен келісімнің символы тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі.

Г. ЖҮСІПБЕКОВА,
ақпараттық топтың мүшесі,
Аналар кеңесінің төрағасы

» МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ

Мемлекеттік тіл – ұлттық сананың басты кілті



Әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Қазақстан Республикасының негізгі тілі – мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу – біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау – өз халқының өткеніне, бүгінгіне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық келісім өзара жарасымын тапқан, тату елміз.

Осы орайда Бауыржан Момышұлының: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата – бабамызды, тарихымызды ұмыту» – деген сөзді әрбір қазақ ұғынса, біздің тіліміздің жағдайы одан да жоғары деңгейде болар еді.

Мемлекеттік тіл – аса маңызды да, ең өзекті мәселе. Тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел ер-

кіндігі мен ұлтты танытатын басты белгісі болып табылады. Ол – ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс. Ол үшін тіл білуді мақсат тұтып, алдына талап қоя, қажымай ізденіп, айрықша көңіл бөліп, аянбай еңбектенсе, мемлекеттік тілді меңгерері анық.

Мемлекеттік тіл – ұлттық сананың ең басты кілті. Тілді сөйлеу арқылы санамыздың бір түкпірінде жатқан, өткен тарихқа деген көзқарасымызды түзейміз, келешекке деген сеніміміз ұлғаяды.

Ж.ДЖУМАШЕВА,
Саран қаласының полиция бөлімі

» ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

ҚАЛА ӘКІМІ АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Ақтас кентінің тұрғындарын күрделі өзгерістер күтуде. 2026 жылы Саран қаласы мен Ақтас кенті газдандыру жобасына кіреді. Бірінші болып – Ақтас кентін қамту жоспарлануда.



4 желтоқсан күні Саран қаласының әкімі Дарын Бұлқайыр Ақтас кентінің тұрғындарымен кездесіп, халықтың мұң-мұқтажын тыңдады.

Негізгі сұрақ-жауапқа көшпес бұрын, Ақтас кентінің әкімі Бауыржан Ақанов кент бойынша биыл атқарылған жұмыстарға және келер жылға жоспарланған негізгі бағыттарды баяндады.

«Бүгінгі таңда Ақтас кентінде 121 көппәтерлі тұрғын үй бар, оның 44-і орталықтандырылған жылумен жаб-

дықтау жүйесіне қосылған», - деп атап өтті кент әкімі. Сондай-ақ, биыл тұрғындардың өтініштері негізінде бірқатар аулаларда балаларға арналған ойын алаңдары орнатылды. Атап айтқанда, Первомайская көшесі 14абв, Әлия Молдағұлова көшесі 29, Бауыржан Момышұлы көшесі 67а және Бейбітшілік көшесі 3 мекенжайларында жасанды жабындысы бар ойын кешендері пайдалануға берілді. Одан бөлек, екі шағын футбол алаңы абаттандырылып, тұрғындардың



спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасалды. Кеншілер көшесі 12 мекенжайында орналасқан сквер де жабдықталып, онда жарықтандыру жүйесі орнатылды. Әрі кент бойынша 50 жаңа бейнебақылау камерасы қойылды. Жүйелі түрде санитарлық тазалау жұмыстары жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, Ақтас кентінің мәдени-сауық орталықтың кіші залына, спорт залына және би фойесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сөз соңында, Бауыржан Заруханұлы 2026 жылға қойылған жоспарлармен бөлісті. Ендігі жылы кент бойынша жарықтандыру жүргізілмеген аумақтарда 20 жарық тірегі орнату жоспарланған. Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, елді мекендердің санитариясын сақтау және абаттандыру бағдарламасы аясында бірқатар жұмыстар көзделген. Первомайская көшесі, 16

аяқталу сатысында. Келесі кезең – мемлекеттік сараптама. Жобаны іске асырудың бірінші кезеңі Ақтас кентінен басталады. Жеке сектордың барлығы қамтылады, алайда көпқабатты үйлерге газ енгізілмейді, - деді қала әкімі.

Сонымен қатар, 2027 жылы қатты отынмен жұмыс істейтін Ақтас кентіндегі «Нұрлы жол» және №18 қазандықтарды газға қосу жоспарланып отыр. Ақтас кентіне кіре берістегі жолдың жағдайы да әкімге мәлім, сол себепті келер жылы жоспарға сәйкес жолға жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Аула жолдарындағы шұрық-тесіктер бітелмек, жүруге кедергі келтіретін қурап қалған ағаштар алынбақ. Тек барлығын жоспарға сай орындау үшін әкім өз сөзінде, кентте басқару органын құрумен белсенді түрде айналысу қажет екенін айтты. Яғни, мүліктің меншік иелері бірлестігі, тікелей бірлесіп басқару немесе пәтер иелері кооперативтері болуы керек.

Биыл Ақтас кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің салу жұмыстары да аяқталынып, ашу жоспарлануда. Ел ертеңі – білімді жастардың қолында. Әкім балалар мен жастар жиі шоғырланатын орындарға және оларға қолайлы жағдай жасауға ерекше назар аударды.

Кездесу барысында тұрғындар тарапынан бірқатар ұсыныстар мен сұрақтар көтерілді. Атап айтқанда, тұрғын үйлерге газ жүргізу, кент ішінде өрт сөндіру бөлімін ашу, ірі сауда нысанын салу, қосымша аялдамалар орнату, көшелерді жарықтандыру, Қаныш Сәтпаев көшесінің жолын жөндеу, электр энергиясына қатысты мәселелерді шешу қажеттігі айтылды. Сонымен қатар қоғамдық көліктің қозғалысына қатысты шағымдар қозғалды.

Қала әкімі барлық сұрақтар мен өтініштерді тыңдап, тиісті мекеме басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ, жол және ауызу мәселелері бойынша бірқатар шешімді атап өтті. Кент тұрғындарымен кездесуден соң, жеке қабылдау өткізді.

мекенжайында скверді көркейту, Гастелло көшесі, 186 мекенжайындағы аулаға абаттандыру жұмыстарын жүргізу, 2 балалар ойын алаңын және 4 қоқыс алаңын орнату жоспарланған.

Саран қаласының әкімі Дарын Бұлқайыр баяндаманы тыңдай келе, қабылдауға дейін тұрғындар тарапынан жолданған өзекті сұрақтарға жауап берді. Әрі кент ішінде жоспарланған елеулі өзгерістерге тоқтала кетті.

- Кентке қатысты негізгі мәселе – газдандыру. Бүгінгі таңда жобамыз

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

» ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

3 желтоқсан күні Саран қаласының белсенді азаматтары мен жастары қалалық прокуратурада өткен «Заң және тәртіп» идеологемасы аясындағы «Құқықтық тәртіп әліпбиі» атты тақырыптық іс-шарасы шеңберінде прокуратура қызметкерлерінің бір күндік жұмыс тәртібімен танысты.

Қалалық прокуратурадан басталған шараға қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсеев, Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қалалық мәслихаттың депутаты Жанбол Жаяубаев, қала жастары және жоғарыда аталған оқу орнының белсенді студенттері қатысты.

Ең алдымен Саран қаласының прокуроры К. Муратов қатысушыларды бағдарлама жоспарымен таныстырып, шараның мән-маңызын айтты.

- «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында мұндай дәрістерді жүйелі түрде өткізіп отырамыз. Сондай-ақ, құқықтық сау-

ПРОКУРАТУРА МАМАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІН ТҮСІНДІРДІ



аттылықты арттыру мақсатында «Халықтық заңгер» акцияларын да ұйымдастырамыз, азаматтарды қабылдаймыз. Біз халықпен жұмыс істеуге әрдайым ашықпыз, - деп атап өтті Саран қаласының прокуроры К. Муратов.

Бағдарлама барысында қатысушылар құқық қорғау жүйесінің жұмысын жан-жақты зерттеп, қалалық прокуратураның тыныс-тіршілігімен танысты. Мәселен, қалалық прокуратураның қызметкері Татьяна Харитонова өз жұмыс орнын көрсетіп, не-

гізгі қызметіне шолу жасады. Қатысушылармен кері байланыс орнатып, сұрақтарға жауап бере, не себепті осы саланы таңдағанын айтып берді. Сонымен қатар, көбіне құрылыс бөлімін тексеру барысында қолданылатын «Шмидт» балғасын да көрсетті. Ал Саран қаласының прокуроры Айбол Нұрсұлтанов сотқа дейін тергеп-тексеру жүйесі қалай жүретінін түсіндірді. Бұл жауапты қызмет жайлы қала прокуроры Диас Жұмақан аз-кем тоқталып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңдылығын қадағалау

және қылмыстық қудалау, қоғамдық мүдделерді қорғау, үкімдердің орындалуын қадағалау секілді бөлімдердің жұмысына тоқталды.

- Мұндай іс-шараларға, шынымды айтсам, жиі қатысамын. Бұл іс-шаралар қала тұрғындары арасында құқықтық сауаттылықты арттыруға деген өте үлкен нық қадамдардың бірі деп айтуымызға болады, - деді Саран қаласының жастар ресурстық орталығының басшысы Айым Қанапиянова.

Кейін азаматтарға қала-

лық полиция бөлімінің жедел басқару бөлімі көрсетілді. Одан соң, қалалық соттың ғимаратына барып, ондағы қызмет барысымен танысу мүмкіндігіне ие болды.

- Қазір мен Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжде бастауыш сынып мұғалімі мамандығында оқып жүрмін. Биыл 4-курсты аяқтаймын. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде мұндай экскурсиялардың маған берері көп деп ойлаймын. Өзіме қажет көптеген мәлімет алдым, - деп Марина Кабакова қатысушы ретінде алған әсерімен бөлісті.

Шара соңында, қатысушылар Саран қаласында тұрмыстық техника өндіретін «Silk Road Electronics» зауытына барып, онда атқарылып жатқан жұмыстардың барысын өз көзімен көрді.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА



» КО ДНЮ НЕЗАВИСИМОСТИ

Преимственность поколений важна

Накануне Дня Независимости Республики Казахстан КГУ «Специальная школа-интернат №9» УОКО посетили представители городского Совета ветеранов. Их визит совпал с ещё одним важным событием — очередным днём рождения учебного заведения. Повод для большой встречи оказался по-настоящему значимым.

Школе-интернату исполнился шестьдесят один год. Эта внушительная дата отражает весь путь становления учреждения, достижения педагогов и успехи воспитанников. Именно поэтому слова ветеранов, сотрудников и гостей, которые вспоминали ключевые этапы развития хорошо известной в регионе и республике школы, прозвучали особенно тепло и трогательно.

Праздничная встреча прошла в атмосфере искренности и уважения. С поздравлениями выступили Почётный гражданин города Сарани, председатель городского филиала РОО «Организация ветеранов», член Совета аксакалов, Общественного совета и Совета матерей Ж. Токушева, ветеран здравоохранения Республики Казахстан, труженик тыла военных лет Т. Кучеренко, а также ветераны педагогического труда М. Гуреева и Т. Елагина. Их напутственные слова были особенно ценны, ведь это люди, внёсшие огромный вклад в развитие нашего города и продолжаю-

щие оставаться активными и неравнодушными гражданами.

Педагогическая работа требует больших усилий и ответственности. Отрадно, что в школе уделяют внимание не только обучению и воспитанию, но и раскрытию творческого потенциала детей. Небольшая часть талантов обучающихся была представлена в ходе праздничной программы и произвела яркое впечатление на гостей.

Пусть и дальше рождаются новые



идеи, открываются широкие перспективы для развития, а самые амбициозные цели воплощаются в жизнь!

С днём рождения! Пусть мир детства, созданный в стенах школы-интерната, всегда будет добрым и светлым!

Б. МАЙПАСОВА





» КУЛЬТУРА

6 декабря в ДК г. Сарани в рамках работы Литературной гостиной «Поэтические кружева» состоялась встреча с чтецом, музыкантом из Сатпаева Курметом Базаровым. Все с нетерпением ждали эту долгожданную встречу. Курмет никогда не был в нашем городе и нам, организаторам, очень хотелось, чтобы он запомнил ее надолго. По рассказу Курмета Базарова, он не спал всю ночь, очень волновался. Все-таки незнакомый город, аудитория. Но прошедшая встреча оправдала все его ожидания. И исчезло волнение, и осталось только ощущение праздника музыки и поэзии, сопутствующих ему ярких эмоций и незабываемых впечатлений.

Итак обо всем по порядку. Знакомство с героем встречи состоялось на просторах интернета. Случайно в чате «На одной волне» я обратила внимание на видеокламацию стихов Курметом Базаровым. Сказать, что они тронули мое сердце - не сказать ничего. Они бесповоротно вошли в мою душу. Завязалась переписка. И по счастливому для нас стечению обстоятельств он оказался с семьей в Караганде. Конечно же мы незамедлительно воспользовались этим моментом и стали свидетелями открытия для участников нашей Литературной гостиной неординарной, уникальной личности.

Надо просто стараться в душе быть всегда молодым



Курмет Базаров. Шахтер, музыкант, чтец. Казалось бы, что все это невозможно совместить в одном человеке. Но человек может быть настолько многогранен, что ему становится подвластно абсолютно все.

С юности Курмет мечтал быть музыкантом, поступил в культпросветучилище. Но не доучился. В 90-е годы его брату тяжело было содержать материально и свою семью, и брата студента. И он пошел работать в шахту. И вот уже 32 года работает монтажником горного оборудования.

Прикипел душой к своей работе. Но в то же время остался верен юношеской мечте.

Музыка продолжает жить в его сердце. Он играет на многих музыкальных инструментах. Есть среди них и экзотические. Игру на них он продемонстрировал

на данной встрече. Участники встречи были заворожены звучанием вьетнамского хомуса, якутского варгана, губной гармошки... Традиционные шаманские инструменты создавали неповторимую атмосферу таинства и волшебства, уносили в страну грез.

Что сподвигло Курмета Базарова заняться декламацией стихов? Со слов героя встречи, его внучка Юстина. Именно она «заразила» дедушку этим искусством. А еще вмешался его величество случай. Им был начитан известное стихотворение Олжаса Сулейменова «Айналайн», затем стихотворение талантливой поэтессы из Павлодара Райхан Абикиевой. Это стихотворение выставляется в чат и сразу же наступает его звездный час. В комментариях подчеркивается красота его голоса, выразительность чтения. Он становится востребован как чтец.

На встрече им были прочитаны стихи Сергея Есенина, Олжаса Сулейменова, Эдуарда Асадова, Валерия Валетного, Валерия Шахиджанова, Игоря Растеряева, Елизаветы Печенкиной. Внучкой Юстиной - стихи Мусы Джалиля.

По-особенному прозвучала мелодекламация стихов в исполнении их трио «Транзитный пассажир». Необычное название. А продиктовано оно тем, что все они - Курмет Базаров, Елена Маточкина и Олег Базаров живут в разных городах: Сатпаеве, Караганде и селе Жартас.

При первой же возможности стараются встретиться, заранее договариваясь о репертуаре предстоящих выступлений и дарят людям неимоверную радость от встречи с творческими людьми, живущими поэзией и музыкой.

Елена Маточкина - директор ДК села Жартас, музыкант. Олег Базаров - инженер Кислородного центра г. Караганды. Каждый из них живет музыкой и уже не представляет себя вне ее. Наверное поэтому им суждено было узнать друг о друге, чтобы творить добрые дела. Ведь только люди чистые душой могут заниматься благотворительностью, не требуя ничего взамен. Просто потому, что так хочет ДУША. Вместе с Курметом Базаровым они посетили Дом престарелых в п. Шахан. И уже после выступления было непонятно,




кто больше всего нуждался в этом: одинокие старики, или они. В этом мире так не хватает теплоты, и даже малая ее частичка вызывает волну благодарности к людям, подарившим ее. Также со своими друзьями из других городов Курмет Базаров принимал участие в благотворительных концертах г. Джезказгана, Павлодара. До сих пор Курмет вспоминает одинокого дедушку из Дома престарелых, подарившего ему свою авторскую картину. И пусть она была в неказистой, постаревшей от времени рамке, с ней он передал ему свое сердце. Старик был так похож на отца Курмета, которого он потерял в раннем возрасте, что приобняв его, он не смог сдержать слез. Будто обнял отца, вернув на мгновение воспоминания из детства.

...Курмет Базаров. Встреча с ним - подарок судьбы. И как хорошо, что наш город стал свидетелем этой знаменательной встречи. В память о ней ему была подарена книга о любимом городе. И конечно же, незабываемые эмоции, которые будут согревать его сердце до следующей встречи. Мы уверены в том, что она обязательно произойдет. Ведь в преддверии Нового года сбываются самые сокровенные мечты.

Татьяна СТРЕЛЬЧУК



ЗИМНИЙ СКАНВОРД



РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ



В ТОО «SUNPAPER» ТРЕБУЮТСЯ:

- УКЛАДЧИК-УПАКОВЩИК
- ОПЕРАТОР
- УБОРЩИЦА
- РАЗНОРАБОЧИЙ
- ГРУЗЧИК



ОФИЦИАЛЬНОЕ ТРУДОУСТРОЙСТВО
В СООТВЕТСТВИИ С ТК РК



ПИТАНИЕ



РАЗВОЗКА



ТРЕНАЖЁРНЫЙ ЗАЛ



КОНТАКТНЫЙ НОМЕР:

+7 775 282 90 18

ЗВОНИТЬ В БУДНИ С 08:00 ДО 17:00

Продается 1-к квартира в центре п. Актас.
С евроремонтом, всё в шаговой доступности, кухня с
мебелью. Цена: 6 млн. тенге.
Т.: 8-708-545-82-18.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой на-
перника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул.
Победы, 32.
Т.: +7-775-406-08-17, 8-747-703-48-50 (Ирина).

**РЕКЛАМА
ОБЪЯВЛЕНИЯ
ПОЗДРАВЛЕНИЯ**

**На LED-ЭКРАНЕ
в центре города**

Продается электрогенератор бензино-
вый HUTER DY 3000LX.

Напряжение 220В, частота 50Гц, мощ-
ность 2,5 кВт, бензин АИ – 92. Генератор
б/у, в отличном состоянии, практически не
использовался. Для бензина АИ – 92. Заво-
дится при помощи ключа.

Телефон: 8-700-673-78-66 (WhatsApp)



KazMemory ПАМЯТНИКИ
БЛАГОУСТРОЙСТВО
ЗАХОРОНЕНИЙ
КОВАННЫЕ ИЗДЕЛИЯ
гарантия качества
цены от производителя
сезонные скидки

О том,
кто был
важен.
На камне,
который
выдержит
все.

РАССРОЧКА
от Kaspi.kz

+7 747 151 4625 kazmemory
Сарань, Чкалова 2/2

КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 03.12.2025
года открылось наследственное дело после
умершей 04.07.2025 года Погореловой Нины Са-
вельевны. Всем наследникам умершей необходи-
мо обратиться в любую нотариальную контору
г. Сарани в срок до 04.01.2026 года.

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 11.12.2025
года открылось наследственное дело после
умершего 22.09.2025 года Мажитова Сакена Ер-
мековича. Всем наследникам умершего необхо-
димо обратиться в любую нотариальную контору
г. Сарани в срок до 22.03.2026 года.

Лицензия № 0002086 от 31.12.2004 года Министерства юстиции РК

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 29.11.2025
года открылось наследственное дело после
умершей 31.12.2024 года Кочегуровой Софьи
Андреевны. Всем наследникам умершей необхо-
димо обратиться в любую нотариальную контору
г. Сарани.

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 10.12.2025
года открылось наследственное дело после
умершей 12.06.2025 года Щукиной Веры Ива-
новны. Всем наследникам умершей необходимо
обратиться в любую нотариальную контору г.
Сарани.

Лицензия №14005265 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

ОПМ «ПИРОТЕХНИКА»

В период с 5 декабря 2025 года по 3 января 2026 года на территории
города Сарани и посёлка Актас, в связи с новогодними праздниками
проводится оперативно-профилактическое мероприятие «Пиротехника».

Основными задачами ОПМ являются обеспечение общественной
безопасности, также контроль за соблюдением физическими и юриди-
ческими лицами установленных правил оборота гражданских пиротех-
нических веществ и изделий с их применением. Многие дети покупают
пиротехнику в магазинах и на рынках, начинают бесконтрольно пользо-
ваться ею. На подобных изделиях должны стоять данные о производителе
и обязательная инструкция по применению.

Запрещено продавать пиротехнику детям до 16 лет. Чтобы новогодние
праздники принесли вам и вашим родным радость, выполняйте элемен-
тарные правила пожарной безопасности!

Основные правила безопасности при использовании пиротехники: если
вы приобрели вид фейерверка, как салют, то заранее внимательно прочи-
тайте инструкцию по применению и соблюдению ее.

- Следует использовать только сертифицированную пиротехнику и за-
пускать только на открытом воздухе;

- При этом устанавливать салют необходимо на ровной поверхности,
желательно присыпать его по бокам землей или плотным снегом;

- Поджигать салют нужно не ближе, чем на расстоянии вытянутой
руки;

- Необходимо помнить, что нельзя запускать салют вблизи зданий, ли-
ний электропередач (не ближе 20-50 метров), подходить ближе 15 метров
к зажженным фейерверкам;

- Ни в коем случае не разрешайте запускать салют детям;

- Нельзя направлять ракеты и фейерверки на людей;

- Бросать петарды под ноги, нагибаться низко над зажженными фей-
ерверками;

- Поджигать фитиль нужно на расстоянии вытянутой руки. Горит он
3-5 секунд. Отлетевшую от фейерверка искру трудно потушить. Если она
попадет на кожу - ожог обеспечен.

- Неправильное использование бенгальских огней могут привести к
пожару, разрушению конструкций.

Берегите себя и близких!

Отдел полиции города Сарани



Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции
(Антикоррупционная служба)

**ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ,
ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ**

CALL-ЦЕНТР

1424

ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ

#НЕДАВАЙВЗЯТКИ

#ПАРАБЕРМЕ

**АДАМ САТУДАН
САҚТАНЫҢЫЗ**

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА
ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА
ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА
ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ
БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН
ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

**ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ
ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ**

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ
КОНСУЛЬТАЦИЮ
ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО
ВЫЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА
ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ
КАЗАХСТАНА!

11616 ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ

11616 ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

ПОЗДРАВЛЯЕМ!



Уважаемая
Татьяна Владимировна Стрельчук!
Поздравляем Вас с днём рождения!

Пусть каждый новый день приносит радость, тепло близких и вдохновение. Желаем крепкого здоровья, счастья, энергии и гармонии. Пусть Ваш жизненный опыт и мудрость продолжают быть примером для коллег и друзей, а любовь и забота родных всегда согревают сердце.

Вы дарите свет, внимание и доброту всем, кто рядом, и пусть мир отвечает Вам тем же. Пусть впереди будут новые впечатления, радостные встречи и только счастливые моменты.

Редакция «Саран газеті»

Льготная подписка для пенсионеров!

Еженедельная городская
газета «Саран газеті»

— всего **2000 тенге**
на полгода!

Будьте в курсе
всех городских
новостей, событий
и важных решений.



ПОДПИСКА НА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ 2026 ГОДА УЖЕ НАЧАЛАСЬ!

БУДЬ В КУРСЕ
ВСЕХ НОВОСТЕЙ
В ГОРОДЕ!

Индивидуальная:

На год - 5 830 тенге

популярный вариант!

На 6 месяцев - 2 900 тенге

На 3 месяца - 1 458 тенге

Альтернативная:

На год - 4 000 тенге

На 6 месяцев - 2 000 тенге

На 3 месяца - 1 000 тенге

Юридическая:

На год - 14 000 тенге

На 6 месяцев - 7 000 тенге

льготная скидка для пенсионеров на 6 месяцев - 2000 тенге!

ПОДПИСЫВАЙТЕСЬ В РЕДАКЦИИ ПО УЛ. ЖАМБЫЛА, 69/1
ИЛИ ПО WHATSAPP: +7-778-207-10-06

РЕКЛАМА ОБЪЯВЛЕНИЯ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

На LED-ЭКРАНЕ
в центре города

» ОЧС Г. САРАНИ ИНФОРМИРУЕТ

ОЧС Г.САРАНИ НАПОМИНАЕТ О НЕОБХОДИМОСТИ СОБЛЮДЕНИЯ ПРАВИЛ БЕЗОПАСНОСТИ НА ВОДОЕМАХ!



В темное время суток, при плохой видимости, во время ледостава и ледотаяния выход на лед категорически запрещен!

Подледная рыбная ловля при толщине льда менее 25 см допускается строго при наличии спасательных средств, среди которых спасательный жилет, свисток, веревка длиной не менее 12 м., палка не менее 2 метров, мобильный телефон в непроливаемом пакете.

При нахождении на льду не допускается:

- 1) выходить на тонкие и неокрепшие участки льда;
- 2) собираться группами на отдельных (опасных) участках льда;
- 3) приближаться к промоинам, тре-

щинам, прорубям во льду;

4) выезжать на транспортных средствах на лед вне границ мест, отведенных для переправ;

5) разведение огня;

6) пробивать две лунки на расстоянии менее 20 сантиметров, а пары лунок на расстоянии менее 2 метров от другой пары лунок;

7) оставлять на льду снасти и мусор.

Отдел по ЧС г. Сарани настоятельно призывает граждан быть внимательными, не рисковать своей жизнью и жизнью окружающих. Соблюдение элементарных мер безопасности поможет предотвратить трагедии!

Л. АЛПЫСБАЕВА,
главный специалист
ОЧС г. Сарани

**Саран
газеті**

Директор
ТОО «Саран
ТЫНЫСЫ»,
главный редактор
Б.Е. МАЙПАСОВА

Газета зарегистрирована
в Министерстве культуры и информации
Республики Казахстан.

Республиканское государственное
учреждение «Комитет информации
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан»

Свидетельство
№ КЗ82VPU0121161
от 05.06.2025 г.
(номер и дата первичной
постановки на учет
10.02.2006 г., 6940-Г)

Собственник:

ТОО «Саран
ТЫНЫСЫ»

Адрес
редакции:

101200
г. Сарань,
ул. Жамбыла, 69/1

Тел., факс: 5-10-15
sarangazeti@mail.ru

Выходит
один раз
в неделю,
форматом А3
Тираж 710

Газета
набрана
и сверстана
в редакции

Распространяется
по подписке и в розницу
в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО
«Типография «Арко»
100009
г. Караганда,
ул. Сатпаева, 15

Печать офсетная.
Заказ № 99-100

Опубликованные матери-
алы не всегда отражают
точку зрения редакции.
Ответственность за
достоверность сведений,
содержащихся в публика-
циях и рекламном тексте,
несут авторы публикаций
и рекламодатели.